

## **ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

### **1. ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТ АТАУЫ**

Револейд, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар, 25 мг және 50 мг

### **2. САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ**

#### **2.1 Жалпы сипаттамасы**

Элтромбопаг

#### **2.2 Сапалық және сандық құрамы**

Бір таблетканың құрамында

*белсенді зат* - 31,9 мг және 63,8 мг элтромбопаг оламині, тиісінше, 25 мг және 50 мг элтромбопагқа шаққанда,

Қосымша заттар: маннитол, натрий крахмал гликоляты (тип А) бар.

Қосымша заттардың толық тізбесі 6.1. бөлімінде берілген.

### **3. ДӘРІЛІК ТҮРІ**

Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

*25 мг таблеткалар:* Екі беті дөңес, бір жағында «GS NX3» және «25» деген өрнегі бар ақ түсті үлбірлі қабықпен қапталған дөңгелек таблеткалар.

*50 мг таблеткалар:* Екі беті дөңес, бір жағында «GS UFU» және «50» деген өрнегі бар қоңыр түсті үлбірлі қабықпен қапталған дөңгелек таблеткалар.

### **4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІ**

#### **4.1 Қолданылуы**

- кортикостероидтарға және иммуноглобулиндерге рефрактерлі болғанда, ауру диагноз қойылған сәттен 6 айға және одан ұзақ уақытқа созылғанда бастапқы иммундық тромбоцитопениясы (БИТ) бар 1 жастағы және одан үлкен пациенттерді емдеу.

- тромбоцитопения дәрежесі интерферондармен оңтайлы ем жүргізілуін бөгейтін немесе шектейтін негізгі фактор болып табылатын созылмалы вирустық С гепатиті бар ересек пациенттердегі тромбоцитопенияны емдеу.

- алдыңғы иммуносупрессиялық емге сезімтал емес немесе қарқынды ем алған және қан түзетін дің жасушаларын трансплантациялауға жарамайтын ересек пациенттерде жүре пайда болған ауыр апластикалық анемияны (ААА) емдеу.

#### **4.2 Дозалау режимі және қолдану тәсілі**

Элтромбопагпен емдеуді гематологиялық ауруларды емдеу немесе созылмалы С гепатиті мен оның асқынуларын емдеу тәжірибесі бар дәрігердің қадағалауымен басталуы және жалғасуы тиіс.

*Дозалау*

Элтромбопагты дозалау талаптары пациенттің тромбоциттер саны негізінде жеке тәртіпте белгіленуі тиіс. Емдеудің мақсаты элтромбопаг арқылы тромбоциттер санын қалыпқа түсіру емес.

Пероральді суспензияны дайындауға арналған ұнтақ, таблеткалар құрамына қарағанда, элтромбопагтың өте жоғары әсеріне әкелуі мүмкін (5.2 бөлімін қараңыз). Таблеткалар құрамынан пероральді суспензияны дайындауға арналған ұнтақ құрамына ауысқанда 2 апта бойы әр апта сайын тромбоциттер санын бақылап отыру қажет.

Иммундық (бастапқы) тромбоцитопения

50 000/мкл деңгейдегі тромбоциттер санына жету және оны сақтап тұру үшін ең төмен дозасы қолданылуы тиіс. Дозаны түзету тромбоциттер санының жауабына негізделеді. Элтромбопаг тромбоциттер санын қалыпқа түсіру үшін қолдануға болмайды. Клиникалық зерттеулерде тромбоциттер саны, әдетте, элтромбопаг қолдану басталған соң 1-2 апта ішінде көбейді және қабылдауды тоқтатудан кейін 1-2 апта ішінде төмендеді.

*Ересектер, 6-дан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер*

Элтромбопагтың ұсынылған бастапқы дозасы тәулігіне бір рет 50 мг құрайды. Азия тегінен шыққан пациенттерде (мысалы, қытайлар, жапондар, тайвандықтар, корейлер және тайлықтар) тәулігіне бір рет 25 мг азайтылған дозада элтромбопаг қабылдауды бастау қажет.

*1 жастан 5 жасқа дейінгі балалар*

Элтромбопагтың ұсынылған бастапқы дозасы тәулігіне бір рет 25 мг құрайды.

*Дозаларға мониторинг және түзету*

Элтромбопаг қолдану басталған соң 50 000/мкл деңгейдегі тромбоциттер санына жету және сақтап тұру үшін дозаны түзету қажет. Тәуліктік 75 мг дозасынан асыруға болмайды.

Элтромбопаг қолданылатын емдеу кезеңі бойына клиникалық гематологиялық тестілер мен бауыр сынамаларын жүйелі бақылап отыру және 1 кестеде мазмұндалғандай тромбоциттер саны негізінде элтромбопаг дозаларының режимін өзгерту қажет. Элтромбопагпен емделу кезінде тромбоциттердің тұрақты саны алынатын сәтке дейін (4 апта бойы, кем дегенде, 50000/мкл), тромбоциттер санын және шеткері қан жағындысын қоса, жалпы клиникалық қан талдауын (ЖҚТ) әр апта сайын бағалау қажет. Келесі ЖҚТ нәтижелері, тромбоциттер санын есептеуді және шеткері қан жағындысын қоса, әр ай сайын алынуы тиіс.

1 кесте. ИТП бар пациенттерде элтромбопаг дозасын түзету

Тромбоциттер саны	Дозаны түзету немесе жауап
2 апта емнен кейін < 50,000/мкл	Тәуліктік 25 мг дозаны 75 мг/күн ең жоғары дозасына дейін арттыру*.
≥ 50,000/мкл-ден ≤ 150,000/мкл дейін	Қан кетуді болдырмау немесе қан кетуді азайту мақсатында тромбоциттер санын сақтап тұру үшін элтромбопаг ең төмен дозасын және/немесе ИТП қатарлас емдеуді қолдану.
≥ 150,000/мкл-ден ≤ 250,000/мкл дейін	Тәуліктік дозаны 25 мг азайту. Әсерін бағалау және кез келген кейінгі дозаларын түзету үшін 2 апта күту♦.
> 250,000/мкл	Элтромбопаг қолдануды тоқтату; тромбоциттерді бақылау жиілігін бір аптада екі ретке дейін арттыру.  Тромбоциттер саны ≤ 100,000/мкл деңгейіне жеткен бойда 25 мг дозаға дейін азайтылған тәуліктік доза қолданылатын емді қайта бастау.

- Екі күнде бір рет 25 мг элтромбопаг қолданатын пациенттер үшін дозаны тәулігіне бір рет 25 мг дейін азайту.
- ♦ Тәулігіне бір рет 25 мг элтромбопаг қолданатын пациенттер үшін тәулігіне бір рет 12,5 мг дозасын немесе екі күнде бір рет 25 мг баламалы дозасын қарастыру қажет.

Элтромбопагты басқа дәрілік ИТП препараттарымен қосымша қолдануға болады. Қатарлас дәрілік ИТП препараттарының дозалар режимін элтромбопаг қолданылатын емдеу кезінде тромбоциттер санының шектен тыс көбеюін болдырмау үшін медициналық көрсетілімдер бойынша өзгерту қажет.

Дозаның басқа түзетілуін қарастырмас бұрын, тромбоциттер санына жауап ретінде кез келген дозаны түзету әсерін көру үшін кем дегенде 2 апта күту қажет.

Төмендегу немесе арттыру мақсатында элтромбопагтың стандартты дозасын түзету тәулігіне бір рет 25 мг құрайды.

#### *Емдеуді тоқтату*

Егер тромбоциттер саны тәулігіне бір рет 75 мг дозада элтромбопаг қолданылатын емнің төрт аптасы өткенде клиникалық мәнді қан кетуден сақтануға жеткілікті деңгейге дейін көбеймесе, элтромбопаг қолданылатын ем тоқтатылуы тиіс.

Емдеуші дәрігер пациенттерді клиникалық тұрғыда мезгіл-мезгіл бағалауы және әр жекелеген жағдайда емдеуді жалғастыру мәселесін шешуі қажет. Емдеуді тоқтатудан кейін тромбоцитопения қайта пайда болуы мүмкін (4.4 бөлімін қараңыз).

#### *Тромбоцитопениямен байланысты созылмалы С гепатиті (СГВ)*

Элтромбопаг вирусқа қарсы препараттармен біріктірілімде тағайындалғанда қауіпсіздігі немесе қарсы көрсетілімдері жөнінде толық егжей-тегжейлі тиісті ақпарат алу үшін дәрілік препараттарды қатарлас қолдануға қатысты дәрілік препараттың толық қысқаша сипаттамасын қарау қажет.

Клиникалық зерттеулерде, жалпы, тромбоциттер саны элтромбопаг қолдану басталған соң 1 апта ішінде арта бастады. Элтромбопаг қолданылатын емдеудің мақсаты клиникалық практика нұсқаулары қадағаланғанда вирусқа қарсы емнің басталуына қажетті тромбоциттер санының ең төмен деңгейіне жетуі тиіс. Вирусқа қарсы ем кезінде емдеудің мақсаты қан кетудің асқыну қаупін арттыратын, әдетте, 50 000-75 000/мкл жуық деңгейде тромбоциттер саны сақталуы тиіс. Тромбоциттердің >75 000/мкл санына жол бермеу қажет. Берілген көрсеткіштерге жетуге қажетті элтромбопагтың ең төмен дозасын қолдану керек. Дозаларды түзету тромбоциттер санын есептеу жауабына негізделеді.

#### *Бастапқы доза режимі*

Элтромбопаг тәулігіне бір рет 25 мг дозада басталуы тиіс. СГВ бар шығу тегі шығыс-азиялық пациенттерде немесе бауыр функциясының жеңіл бұзылуы бар пациенттерде дозаны түзету қажет емес (5.2 бөлімін қараңыз).

#### *Дозаға мониторинг және түзету*

Егер қажет болса, элтромбопаг дозасы әр 2 апта сайын вирусқа қарсы емді бастауға қажетті 25 мг дозаны арттыру қадамымен түзетілуі тиіс. Вирусқа қарсы ем басталғанша әр апта сайын тромбоциттер санын бақылап отыру қажет. Вирусқа қарсы емнің басталуынан кейін тромбоциттер саны құлдырауы мүмкін, сондықтан элтромбопаг дозасын шұғыл түзетуден сақтану керек (2 кестесін қараңыз).

Вирусқа қарсы ем кезінде пациенттерде қан кету қаупіне әкелуі мүмкін тромбоциттер санының азаюы себепті пегинтерферон дозаларын азайту үшін, қажеттілігіне қарай, элтромбопаг дозасын түзету қажет (2 кестені қараңыз). Вирусқа қарсы ем кезінде қалып шегіндегі, 50 000-75 000/мкл жуық, тромбоциттердің тұрақты деңгейіне жететін сәтке дейін әр апта сайын тромбоциттер санын бақылап отыру қажет. Егер тромбоциттер санының қажетті берілген көрсеткіштен асып кеткен жағдайда тәуліктік доза негізінде дозаны 25 мг-ге азайту қарастырылуы тиіс. шеткері қан алуды қоса, қанның пішінді элементтерінің толық көрінісін апта сайын бағалау қажет. Дозалар әсерін бағалау және кез келген келесі түзетулері үшін 2 апта бойы күту ұсынылады.

Тәулігіне бір рет 100 мг құрайтын элтромбопаг дозасынан асыруға болмайды.

2 кесте. СГВ бар пациенттерде вирусқа қарсы ем кезінде элтромбопаг дозаларын түзету

Тромбоциттер саны	Дозаны түзету және жауап
Емнің кемінде 2-ші аптасы арқылы < 50,000/мкл	Тәуліктік дозаны 25 мг арттыру керек, бірақ тәулігіне 100 мг-ден артық емес
≥50 000/мкл-ден ≤100 000/мкл дейін	Қажетіне қарай пегинтерферон дозасы төмендеуін болдырмау үшін элтромбопагтың ең аз дозасын қолдану керек
≥ 100,000/мкл-ден ≤ 150,000/мкл дейін	Тәуліктік дозаны 25 мг азайту керек. Нәтижесін бағалау үшін және дозаны кез келген кейінгі түзету үшін 2 апта күту керек ♦.
> 150,000/мкл	Элтромбопагты қолдануды тоқтату; тромбоциттерді бақылау жиілігін аптасына екі ретке дейін арттыру.  Тромбоциттер саны ≤ 100 000/мкл деңгейінде болғанда, 25 мг - ға дейін азайтылған тәуліктік дозаны қолдана отырып емді қайта бастау керек.*.

\* - элтромбопагтың күндізгі 25 мг дозасын қабылдайтын пациенттер үшін келесі барлық күндерде 25 мг-ден бастап дозалау мүмкіндігін жаңғыртуды қарастыру керек

♦ вирусқа қарсы емнің басында тромбоциттер деңгейі төмендеуі мүмкін, сондықтан элтромбопаг дозасын дереу өзгертуден аулақ болу керек

*Емді тоқтату*

Егер 100 мг дозадағы элтромбопагпен 2 апталық емнен кейін вирусқа қарсы емді бастауға қажетті тромбоциттер деңгейіне қол жеткізілмесе, элтромбопагпен емдеу тоқтатылуы тиіс.

Тиісті негіздеме болмаған жағдайда, егер вирусқа қарсы терапия тоқтатылса, элтромбопагпен емдеуді аяқтау керек. Артық тромбоциттер саны бар жауаптар немесе бауыр сынамалары нәтижелерінің нормасынан ауытқулар да емдеуді тоқтату қажеттілігін тудырады.

Ауыр апластикалық анемия

*Бастапқы дозалау режимі*

Элтромбопагты тәулігіне бір рет 50 мг дозада қолдану керек. Шығыс-азиялық шыққан пациенттерде элтромбопагты тәулігіне бір рет 25 мг дозада қолдануды бастаған жөн (5.2-бөлімді қараңыз). Ем пациенттерде 7 хромосоманың цитогенетикалық аномалиялары болған жағдайда басталуы тиіс.

*Мониторинг және дозаны түзету*

Гематологиялық жауап дозаны титрлеуді талап етеді, әдетте 150 мг дейін және элтромбопагты қолдану басталғаннан кейін 16 аптаға дейін созылуы мүмкін (5.1-бөлімді қараңыз). Қажет болған жағдайда элтромбопаг дозасын ≥ 50 000/мкл деңгейінде тромбоциттердің берілген мөлшеріне жету үшін әрбір 2 апта сайын 50 мг-ге арттыру қадамымен түзету керек. Тәулігіне бір рет 25 мг дозасын қабылдайтын пациенттерде дозаның мөлшерін 50 мг-ға ұлғайтпас бұрын тәулігіне 50 мг-ға дейін арттыру керек. Элтромбопагты қолдана отырып емдеу кезінде клиникалық гематологиялық тестілер мен бауыр сынамаларының нәтижелерін үнемі бақылау және тромбоциттер санының негізінде 3-кестеде жазылғандай доза режимін өзгерту қажет..

3 кесте. Ауыр апластикалық анемиясы бар пациенттерде элтромбопаг дозаларын түзету

Тромбоциттер саны	Дозасын түзету немесе жауап
Ең кемі емнің 2 аптасы бойына < 50000/мкл	Тәуліктік дозаны тәулігіне 150 мг ең жоғары дозаға дейін 50 мг арттыру.

	Тәулігіне бір рет 25 мг дозасын қабылдайтын пациенттерде дозаның көлемін 50 мг-ға ұлғайтпас бұрын дозаны тәулігіне 50 мг-ға дейін арттыру керек.
$\geq 50000/\text{мкл-ден} \leq 150000/\text{мкл}$ дейін	Тромбоциттер санын демеу үшін ең аз тиімді дозаны қолдану керек.
$\geq 150000/\text{мкл-ден} \leq 250000/\text{мкл}$ дейін	Өсерді бағалау және дозаларды кез келген кейінгі түзету үшін 2 апта күтіңіз.
$> 250000/\text{мкл}$	Элтромбопагты қолдануды тоқтату; кем дегенде бір аптаға.  Тромбоциттер саны деңгейінде болғанда $\leq 100\ 000 / \text{мкл}$ , 50 мг азайтылған тәуліктік дозаны қолданумен емдеуді қайта бастау.

*Емге үш желілік жауабы бар тұлғаларда дозаны біртіндеп азайту (лейкоциттер, эритроциттер және тромбоциттер)*

Үш сызықты жауап алынған пациенттер үшін, трансфузияға қажеттіліктің жоқтығын қоса, кем дегенде 8 апта жалғасатын: элтромбопаг дозасын 50% - ға азайтуға болады.

Егер 8 аптадан кейін төмендетілген дозада мөлшері тұрақты болса, онда элтромбопагты қолдануды тоқтату және қан элементтерінің санын бақылау қажет. Егер тромбоциттер саны  $< 30\ 000/\text{мкл-ге}$  дейін түссе, гемоглобин деңгейі  $< 9\ \text{г/дл-ге}$  дейін төмендейді немесе нейтрофилдердің (АКН) абсолюттік саны  $< 0,5 \times 10^9/\text{л}$  деңгейінде болса, элтромбопагты қолдануды алдыңғы тиімді доза деңгейінде қайта бастау қажет.

*Емдеуді тоқтату*

Егер 16 аптадан кейін элтромбопагты қолданумен емге гематологиялық жауап туындамаса, емді тоқтату қажет. Егер жаңа цитогенетикалық аномалиялар анықталса, элтромбопагты қабылдауды жалғастыру орынды ма екенін бағалау қажет (4.4 және 4.8-бөлімдерді қараңыз). Артық тромбоциттер саны бар жауаптар (3-кестеде көрсетілгендей) немесе бауыр сынамалары нәтижелерінің нормаларынан елеулі ауытқулар да элтромбопагты қолдануды тоқтату қажеттілігін тудырады (4.8-бөлімді қараңыз).

### ***Пациенттердің ерекше топтары***

*Бүйрек функциясының бұзылуы*

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде дозаларды түзету қажет емес. Бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде сақтықпен элтромбопагты қолдану және мұқият мониторинг жүргізу қажет, мысалы, қан сарысуындағы креатининді бақылау және/немесе несеп талдауын орындау жолымен (5.2-бөлімді қараңыз).

*Бауыр функциясының бұзылуы*

Бауыр функциясы бұзылған ИТП бар пациенттерде (Чайлд-Пью  $\geq 5$  шкаласы бойынша жіктеуге сәйкес ауырлық балы), болжамды пайда қақпа вена тромбозының сәйкестендірілген қаупінен асып түсетін жағдайларды қоспағанда, элтромбопагты қолдануға болмайды (4.4-бөлімді қараңыз).

Егер элтромбопагты қолдану бауыр функциясы бұзылған ИТП бар пациенттер үшін қажет деп есептелсе, бастапқы доза тәулігіне бір рет 25 мг құрауы тиіс. Бауыр функциясы бұзылған пациенттерде элтромбопаг дозасын қолдану басталғаннан кейін дозаны ұлғайтпас бұрын 3 апта аралықты сақтау қажет.

Созылмалы СГВ және бауыр функциясының жеңіл бұзылуы бар тромбоцитопениясы бар пациенттерде дозаларды түзету талап етілмейді (Чайлд-Пью шкаласы бойынша жіктелуге сәйкес ауырлық балы  $\leq 6$ ). Созылмалы СГВ және бауыр функциясының бұзылуы бар ауыр апластикалық анемиясы бар пациенттерде элтромбопагты тәулігіне бір рет 25 мг дозада қолдану бастамашылық етілуі тиіс (5.2-бөлімді қараңыз). Бауыр

функциясы бұзылған пациенттерде элтромбопаг дозасын қолдану басталғаннан кейін дозаны ұлғайтпас бұрын 2 апта аралықты сақтау қажет.

Бауыр жеткіліксіздігі мен тромбоэмболиялық құбылыстарды қоса, элтромбопагты қолдана отырып ем алатын үдемелі созылмалы бауыр жеткіліксіздігі, тромбоцитопениясы бар пациенттерде, инвазивті емшараға дайындық жағдайында немесе вирусқа қарсы ем жүргізетін СГВ бар пациенттерде жағымсыз құбылыстардың жоғары қаупі бар (4.4 және 4.8-бөлімдерді қараңыз).

#### *Егде жастағы пациенттер*

65 және одан жоғары жастағы ИТП бар пациенттерде элтромбопагты қолдану бойынша шектеулі деректер бар және 85 жастан асқан ИТП бар пациенттерде препаратты қолданудың клиникалық тәжірибесі жоқ. Элтромбопагтың клиникалық зерттеулерінде жалпы элтромбопагтың қауіпсіздігі бойынша кемінде 65 жастағы пациенттер мен кіші жастағы пациенттер арасында клиникалық маңызды айырмашылықтар байқалмады. Басқа сипатталған клиникалық тәжірибе егде жастағы пациенттердің және кіші жастағы пациенттердің жауаптарындағы айырмашылықтарды анықтамады, бірақ ересек жастағы кейбір адамдардың аса сезімталдығын болдырмауға болмайды (5.2-бөлімді қараңыз).

75 жастан асқан СГВ және ТАА бар пациенттерде элтромбопагты қолдану бойынша шектеулі деректер бар. Мұндай пациенттерде сақ болу керек (4.4-бөлімді қараңыз).

#### *Азиялық нәсілді пациенттер*

Бауыр функциясы бұзылған пациенттерді қоса, Азиялық пациенттерде (мысалы, қытайлықтар, жапондықтар, тайваньдықтар, кәрістер немесе тайлықтар) тәулігіне бір рет 25 мг дозада элтромбопагты қолдануды бастау қажет (5.2-бөлімді қараңыз).

Пациенттерде тромбоциттер санын бақылауды жалғастыру және дозаны одан әрі түрлендіру бойынша стандартты критерийлерді сақтау қажет.

#### *Балалар мен жасөспірімдер*

Созылмалы ИТП бар бір жасқа дейінгі балаларда Револейдті қолдану қауіпсіздігі мен тиімділігі бойынша деректердің жеткіліксіздігінен ұсынылмайды. Тромбоцитопениямен немесе ТАА байланысты созылмалы СГВ бар балалар мен жасөспірімдерде элтромбопагтың қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған. Деректер жоқ.

### **Қолдану тәсілі**

Пероральді.

Таблеткаларды антацидті заттар, сүт өнімдері (немесе құрамында кальций бар басқа да тамақ өнімдері) немесе поливалентті катиондар (мысалы, темір, кальций, магний, алюминий, селен және мырыш) бар минералды қоспалар сияқты кез келген препараттардан кем дегенде екі сағат бұрын немесе төрт сағаттан кейін қабылдау қажет (4.5 және 5.2 бөлімдерді қараңыз).

### **4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар**

Әсер етуші затқа немесе 6.1 бөлімінде тізбеленген кез келген компоненттерге аса жоғары сезімталдық.

### **4.4 Айрықша нұсқаулар және қолданған кездегі сақтандыру шаралары**

Созылмалы бауыр жеткіліксіздігі бар тромбоцитопениялық СГВ бар пациенттерде ықтималды фатальдік бауыр жеткіліксіздігі мен тромбоэмболия құбылыстарын қоса, жағымсыз реакциялардың жоғары қаупі бар. Бұл альбуминнің төмен деңгейі  $\leq 35$  г/л немесе интерферон негізінде терапиямен біріктіріп элтромбопагты қолдану арқылы ем алған жағдайда бауыр ауруының терминалдық сатысының (ЕХӘҚМ)  $\geq 10$  моделін бағалау бойынша анықталады. Плацебомен салыстырғанда қол жеткізілген тұрақты вирусологиялық жауаптың (УВО) арақатынасына сүйене отырып, емдеудің пайдасы жалпы топпен салыстырғанда шамалы болды (әсіресе бастапқы деңгейде альбумин бар адамдар үшін  $\leq 35$  г/л). Мұндай пациенттерде элтромбопагты қолдана отырып емге тек

үдемелі СГВ-ны емдеуде тәжірибесі бар дәрігерлер ғана бастамашылық жасауы тиіс және тромбоцитопения немесе вирусқа қарсы емді тоқтата тұру қаупі араласуды талап еткен жағдайда ғана. Егер емдеу клиникалық тұрғыдан көрсетілсе, мұндай пациенттерде мұқият мониторинг жүргізу талап етіледі

*Тікелей әсер ететін вирусқа қарсы дәрілермен біріктіру*

С гепатитінің созылмалы инфекциясын емдеу үшін мақұлданған тікелей әсер ететін вирусқа қарсы препараттармен біріктіріп қолданудың қауіпсіздігі мен тиімділігі белгіленбеген.

*Гепатоуыттылық қаупі*

Элтромбопагты қолдану бауыр қызметінің бұзылуы және өмірге қауіп төндіруі мүмкін ауыр гепатоуыттылық тудыруы мүмкін. (4.8-бөлімді қараңыз).

Дозаны түзету кезеңі кезінде әрбір 2 апта сайын және тұрақты дозаны белгілегеннен кейін ай сайын элтромбопагты қолдану басталғанға дейін сарысудағы аланинаминотрансфераза (АЛТ), аспартатаминотрансфераза (АСТ) және билирубин деңгейін өлшеу қажет. Элтромбопаг уридиндифосфат-глюкуронилтрансферазаны (UGT1A1) және OATP1B1 органикалық аниондардың ақуыз-тасымалдағышын тежейді, бұл жанама гипербилирубинемияға әкелуі мүмкін. Егер билирубин жоғары болса, фракциялау қажет. Бауыр сынамалары нәтижелерінің нормасынан ауытқуды 3-5 күн ішінде динамикада бақылау жолымен бағалау қажет. Егер бұзушылықтар расталса, бұзушылықтар рұқсат етілгенге, тұрақтандырылғанға немесе бастапқы деңгейлерге қайтарылғанға дейін сарысудың бауыр сынамаларын бақылау қажет. Егер АЛТ деңгейі ұлғайса (қалыпты бауыр функциясы бар пациенттерде [x ULN] нормасының жоғарғы шегіне 3 рет [X ULN] немесе  $\geq 3$  x бастапқы деңгейі немесе  $> 5$  x ВВГ, емге дейін жоғары трансаминазалары бар пациенттерде мәндерінің қайсысы аз болуына байланысты) элтромбопаг қабылдауды тоқтату керек және:

\* үдемелі немесе

\*  $\geq 4$  апта бойы сақталады немесе

\* жоғары тікелей билирубинмен немесе

\* бауырдың зақымдануының клиникалық белгілері немесе бауыр жетіспеушілігінің дәлелі.

Бауыр ауруы бар пациенттерде элтромбопагты қолданған кезде сақ болу қажет. ИТП және ТАА бар пациенттерде элтромбопагтың төменгі бастапқы дозасын қолданған жөн. Бауыр функциясы бұзылған пациенттер қолданған жағдайда мұқият мониторинг қажет (4.2-бөлімді қараңыз).

*Бауыр жеткіліксіздігі (интерферонмен қолдану)*

Созылмалы С гепатиті бар пациенттерде бауыр жеткіліксіздігі: альбумин деңгейі төмен пациенттерде ( $\leq 35$  г/л) немесе ЕХӘҚМ  $\geq 10$  көрсеткіші кезінде бастапқы деңгейде мониторинг талап етіледі.

Созылмалы СГВ циррозы бар пациенттер альфа интерферонын қолдана отырып ем алған жағдайда бауыр жеткіліксіздігі қаупіне ұшырауы мүмкін. СГВ бар тромбоцитопениясы бар пациенттердің қатысуымен бақыланатын 2 клиникалық зерттеулерде бауыр жеткіліксіздігі (асцит, бауыр энцефалопатиясы, варикозды қан кету, спонтанды бактериялық перитонит) плацебо тобына қарағанда (6%) элтромбопаг тобында жиі хабарланған (11 %). Альбумин деңгейі төмен ( $\leq 35$  г/л) немесе ЕХӘҚМ  $\geq 10$  көрсеткіші бар пациенттерде бастапқы деңгейде бауыр жеткіліксіздігінің үш есе үлкен қаупі және бауырдың үдемелі ауруы аз пациенттермен салыстырғанда өліммен аяқталатын жағымсыз құбылыстың жоғары қаупі болды. Плацебомен салыстырғанда УВО-ға жеткен арақатынасына сүйене отырып, мұндай пациенттерде жалпы топпен салыстырғанда шамалы болды (әсіресе альбумин көрсеткіші бастапқы деңгейде де  $\leq 35$  г/л құраған адамдар үшін). Мұндай пациенттерде элтромбопагты қауіптермен салыстырғанда болжамды пайданы мұқият қарағаннан кейін ғана қолданған жөн. Бауыр жеткіліксіздігі белгілері мен симптомдарына қатысты осындай сипаттамалары бар пациенттердің жай-

күйін мұқият бақылау қажет. Интерферон дәрілік препаратының емдеуді тоқтату критерийлеріне қатысты тиісті қысқаша сипаттамасына жүгіну керек. Егер вирусқа қарсы терапия бауыр жеткіліксіздігі себебінен тоқтатылса, элтромбопагты қолдануды тоқтату қажет.

#### *Тромбоздық/тромбоэмболиялық асқынулар*

Бақыланатын зерттеулерде интерферон ( $n = 1439$ ) негізінде ем алатын СГВ бар тромбоцитопениясы бар пациенттерде элтромбопагты қолдана отырып ем қабылдаған 955 пациенттің 38-і (4%) және плацебо тобында 484 пациенттің 6-ы (1 %) тромбоэмболиялық құбылыстарды (ТЭЯ) сынаған. Хабарланатын тромбоздық / тромбоэмболиялық асқынулар веналық және артериялық құбылыстарды қамтыды. Көптеген ТЭЯ ауыр болған жоқ және зерттеудің соңына шешілді. Қақпа вена тромбозы екі терапиялық топта да жиі ТЭЯ болды (плацебо бар топта  $< 1\%$  - бен салыстырғанда элтромбопагты қолдана отырып ем қабылдаған пациенттерде  $2\%$ ). Емнің басталуы мен ТЭЯ құбылысы арасындағы ерекше уақытша өзара байланыс байқалмады. Альбумин деңгейі төмен ( $\leq 35$  г/л) немесе  $EX\Theta KM \geq 10$  көрсеткіші бар пациенттерде альбумин деңгейі жоғары адамдарға қарағанда ТЭЯ қаупі екі есе көп болды;  $\geq 60$  жастағы тұлғаларда кіші жастағы пациенттермен салыстырғанда ТЭЯ қаупі 2 есе көп болды. Элтромбопагты мұндай пациенттерге қауіптермен салыстырғанда болжамды пайданы мұқият қарағаннан кейін ғана қолданған жөн. ТЭЯ белгілері мен симптомдарына пациенттердің жағдайын мұқият бақылау қажет.

Инвазивті емшараларға дайындық кезінде екі апта ішінде тәулігіне бір рет 75 мг элтромбопагты қолдана отырып ем қабылдаған созылмалы бауыр жеткіліксіздігі (ХПН) бар пациенттерде ТЭЯ қаупі жоғарылағаны анықталды. ТЭЯ (қақпа вена барлық жүйелері) элтромбопагты алатын ХПН бар 143 (4%) ересек пациенттің алтауын сынаған және ТЭЯ плацебо тобындағы 145 (1%) пациенттің екеуі (қақпа вена жүйесіндегі біреуі және миокардтың бір инфарктісі) сынаған. Элтромбопагты қолдана отырып ем қабылдаған 6 пациенттің бесеуі тромбоциттер саны  $> 200\ 000$ /мкл деңгейінде және элтромбопагтың соңғы дозасынан кейін 30 күн ішінде тромбоздық асқынуды бастан өткізді. Элтромбопаг инвазивті емшараларға дайындау кезінде созылмалы бауыр жеткіліксіздігі бар тромбоцитопениясы бар пациенттерді емдеуге арналмаған.

Элтромбопагпен клиникалық зерттеулерде ИТП кезінде тромбоэмболиялық құбылыстар тромбоциттер төмен және қалыпты мөлшерде байқалды. Тромбоэмболия қаупінің белгілі факторлары бар пациенттерде, тұқым қуалайтын (мысалы, V Лейден факторы) немесе қауіп факторларымен (мысалы, III (АТIII) антитромбиннің тапшылығы, антифосфолипидті синдром) қоса, элтромбопагты қолданған жағдайда, егде жастағы пациенттерде сақ болу қажет.; ұзақ уақыт кезеңінде, қатерлі ісіктер кезінде, контрацепция және гормон сыйымды терапия құралдарын қолдану, хирургиялық араласу/жарақат, семіздік және темекі шегу кезінде қозғалатын пациенттер. Тромбоциттер саны, егер тромбоциттер саны берілген деңгейден асып кетсе, дозаны азайтуды немесе элтромбопагты қолдана отырып емдеуді тоқтатуды мұқият бақылау және қарау қажет (4.2-бөлімді қараңыз). Кез келген этиологиядағы тромбоэмболиялық құбылыстар (ТЭЯ) қаупі бар пациенттерде қауіп-пайда арақатынасын қарау қажет.

Рефрактерлік ТАА клиникалық зерттеулерінде ТЭЯ дамуының бірде-бір жағдайы анықталған жоқ, алайда пациенттердің бұл популяциясында ТЭЯ дамуының қаупін толығымен жоққа шығаруға болмайды, себебі зерттеуге пациенттердің аз саны қатысты. ТАА бар пациенттер үшін ең жоғары рұқсат етілген доза жеткілікті жоғары (150 мг/күн) және реакция сипатына байланысты, осы пациенттер тобында ТЭЯ дамуын күтуге болады.

Бауыр функциясы бұзылған ИТП бар пациенттерде (Чайлд-Пью  $\geq 5$  шкаласы бойынша жіктеуге сәйкес ауырлық балы), болжамды пайда жағалық вена тромбозының сәйкестендірілген қаупінен асып түсетін жағдайларды қоспағанда, элтромбопагты қолдануға болмайды. Емдеу орынды деп танылған жағдайда, бауыр жеткіліксіздігі бар



пациенттерде элтромбопагты қолдану кезінде сақтықты көрсету қажет (4.2 және 4.8-бөлімдерді қараңыз).

*Элтромбопагпен емдеуді тоқтатудан кейін қан кету*

Элтромбопагты қолданумен емдеуді тоқтатқаннан кейін тромбоцитопения ИТП бар пациенттерде қайтадан пайда болуы мүмкін. Элтромбопагты қолдануды тоқтатқаннан кейін көптеген пациенттерде тромбоциттер саны 2 апта ішінде бастапқы деңгейлерге оралады, бұл қан кету қаупін арттырады және кейбір жағдайларда қан кетуге әкелуі мүмкін. Егер элтромбопагты қолдану арқылы емдеу антикоагулянттар немесе антитромбоцитарлық дәрілер болған кезде тоқтатылса, бұл қауіп ұлғайған. Элтромбопагты қолдана отырып емдеуді тоқтатқан жағдайда, ИТП емдеу жөніндегі қолданыстағы нұсқаулыққа сәйкес жаңартылуы ұсынылады. Қосымша консервативті емдеу антикоагулянтты және/немесе антитромбоцитарлық дәріні қолдана отырып емдеуді тоқтатуды, антикоагуляцияны тежеуді немесе тромбоциттерді қолдауды қамтуы мүмкін. Элтромбопагты қолдануды тоқтатқаннан кейін 4 апта ішінде әр апта сайын тромбоциттер санын бақылау қажет.

СГВ клиникалық зерттеулерінде ауыр жағдайлар мен өліммен аяқталған жағдайларды қоса алғанда, асқазан-ішек қан кету жағдайларының жоғары жиілігі пегинтерферон, ибавирин және элтромбопагты қолдануды тоқтатқаннан кейін хабарланған. Емді тоқтатқаннан кейін пациенттердің жағдайын кез келген белгілері немесе асқазан-ішек қан кету симптомдары мәніне бақылау қажет.

*Сүйек кемігінде ретикулиннің түзілуі және сүйек кемігі фиброзының қаупі*

Элтромбопаг сүйек миындағы ретикулинді талшықтардың даму немесе өршу қаупін арттыруы мүмкін. Тромбопоэтин (ТРО-R) рецепторының басқа агонистерімен болған жағдай сияқты алынған деректердің маңыздылығы әлі анықталған жоқ.

Элтромбопагты қолданар алдында жасушада бастапқы деңгейде морфологиялық бұзылуларды анықтау үшін шеткері қан жағындысын мұқият зерттеу қажет. Элтромбопагтың тұрақты дозасын белгілегеннен кейін ай сайын лейкоциттерді (ақ қан денелерін) есептей отырып, қанның жалпы талдауын (ЖАК) орындау қажет. Егер жетілмеген немесе диспластикалық жасушалар байқалса, шеткергі қанның жағындысын жаңа морфологиялық бұзылулар немесе нашарлау (мысалы, тамшылатып тұратын және құрамында эритроциттер, жетілмеген лейкоциттер бар) немесе цитопения мәніне зерттеу қажет. Егер пациентте жаңа морфологиялық бұзылулар немесе нашарлау немесе цитопения дамиды болса, элтромбопагты қолдана отырып емдеу тоқтатылуы тиіс және фиброзға бояуды қоса алғанда, сүйек кемігінің биопсиясы мәселесі қаралуы тиіс.

*Бұрыннан бар миелодисплазия синдромының (МДС) үдеуі*

Тромбопоэтин (ТРО-R) рецепторының агонистері МДС сияқты қан жүйесінің қатерлі ауруларының дамуын ынталандыруы мүмкін. ТРО-R рецепторының агонистері тромбопоэтикалық жасушалардың таралуына, тромбоциттерді саралауға және шығаруға әкелетін өсу факторлары болып табылады. ТРО R, негізінен, миелоидты жасушалардың бетінде экспрессияланады. ТРО-R агонистеріне қатысты, олар МДС сияқты гемопоэздік қатерлі ісіктердің үдеуін ынталандыруы мүмкін деген қауіп бар.

ТРО-R агонистімен клиникалық зерттеулерде МДС бар пациенттерде бласты жасушалар санының қысқа мерзімді жоғарылау жағдайлары байқалды және МДС жедел миелоидты лейкозға (ОМЛ) дейін өршу жағдайлары хабарланды.

Ересек пациенттер мен егде жастағы пациенттерде ИТП немесе ТАА диагнозы тромбоцитопения кезінде пайда болатын басқа клиникалық факторларды болдырмау жолымен расталуы тиіс, атап айтқанда, МДС диагнозы алынып тасталуы тиіс. Ауру және емдеу кезінде сүйек кемігі пунктатын және биопсияны орындау мәселесін қарастыру қажет, әсіресе 60 жастан асқан, жүйелік симптомдары немесе шеткергі Бласт клеткаларының жоғары саны сияқты бұзылу белгілері бар пациенттерде.

МДС туғызған тромбоцитопенияны емдеу кезінде Револейд тиімділігі мен қауіпсіздігі белгіленбеген. Револейд МДС туғызған тромбоцитопенияны емдеу үшін клиникалық зерттеулерден тыс қолданылмауы тиіс.

#### *ААА бар пациенттердегі цитогенетикалық бұзылулар және МДС / ЖМЛ үдеуі*

Белгілі болғандай, цитогенетикалық бұзылулар ТАА бар пациенттерде пайда болады. ТАА бар пациенттерде элтромбопаг цитогенетикалық бұзылулар қаупін арттыратыны белгісіз. Бастапқы дозада 50 мг/күніне элтромбопагты қолдану арқылы ІІ фазадағы рефрактерлік ТАА клиникалық зерттеулерінде (күніне 150 мг ең жоғары дозаға дейін әрбір 2 апта сайын ұлғаяды) (ELT112523), жаңа цитогенетикалық бұзылыстардың пайда болу жиілігі пациенттердің 17,1% - да байқалды [7/41 (мұнда олардың 4-інде 7 хромосомада өзгерістер болған)]. Цитогенетикалық бұзылысқа дейінгі зерттеу кезеңінде уақыт медианы 2,9 ай құрады.

Рефрактерлік ТАА клиникалық зерттеудің ІІ фазасында күніне 150 мг дозада элтромбопагпен (пациенттің ұлты мен жасына байланысты) (ELT116826) ересектердегі 22,6% - да жаңа цитогенетикалық аномалиялардың пайда болуы байқалды [7/31 (3-уінде 7 хромосомада өзгерістер болды)]. Барлық 7 пациент зерттеуге қосылған сәтте қалыпты цитогенетикалық талдаулар болды. Алты пациентте цитогенетикалық аномалия элтромбопагпен 3 айда, бір пациентте 6 айда анықталған.

Клиникалық зерттеулерде 4% пациенттерде (5/133) ТАА кезінде элтромбопагты қолдана отырып МДС диагностикаланды. Медиана диагнозға дейінгі уақыт элтромбопагты қолдана отырып, ем басталғаннан бастап 3 ай болды.

Емге қиын келетін немесе иммуносупрессивті емді қолдана отырып қарқынды алдын ала ем алатын ТАА бар пациенттерде элтромбопагты қолдана отырып ем басталғанға дейін цитогенетикаға арналған аспирациялармен сүйек кемігін 3 айдан кейін және одан кейін 6 айдан кейін зерттеу ұсынылады. Егер жаңа цитогенетикалық бұзылыстар анықталса, элтромбопагты қолдануды жалғастырудың орындылығын бағалау қажет.

#### *Көз өзгерістері*

Элтромбопагты қолдану арқылы уыттылық зерттеулерінде кеміргіштерде катаракта жағдайлары байқалды (5.3-бөлімді қараңыз). Бақыланатын зерттеулерде интерферонды (n = 1439) қолдана отырып ем алатын СГВ бар тромбоцитопениясы бар пациенттерде бұрын бастапқы деңгейде бар катарактаның (катаракт) үдеуі жағдайлары немесе элтромбопаг тобында 8% - да және плацебо тобында 5% - да катаракта жағдайлары хабарланған. Торлы қабыққа қан құйылу негізінен 1 немесе 2 дәрежеде интерферон, рибавирин және элтромбопаг (элтромбопаг тобында 2% және плацебо тобында 2%) алатын ХВГС бар пациенттерде хабарланған. Қан құйылу тор қабатының бетінде (преретинальды), тор қабығының астында (субретинальды) немесе тор қабығының тіндерінде пайда болды. Пациенттерді қарапайым офтальмологиялық бақылау ұсынылады..

#### *QT/QTc аралығының ұзаруы*

Тәулігіне 150 мг элтромбопаг дозасын алған дені сау еріктілердің қатысуымен QTc зерттеуі жүректің реполяризациясына клиникалық елеулі әсер еткен жоқ. QTc аралығының ұзаруы клиникалық зерттеулерде ИТП бар пациенттерде және СГВ бар тромбоцитопения бар пациенттерде хабарланған. QTc аралығының ұзаруы осындай құбылыстардың клиникалық маңыздылығы белгісіз.

#### *Элтромбопагпен емдеуге жауаптың жоғалуы*

Элтромбопагты қолдана отырып емдеу кезінде жауаптың жоғалуы немесе тромбоциттердің жауабын сақтауға қабілетсіздігі ұсынылған дозалардың диапазоны шегінде сүйек кемігінің ретикулинін арттыруды қоса алғанда, себеп факторларын іздеуге мәжбүр етуі тиіс.

#### *Балалар мен жасөспірімдер*

Жоғарыда айтылған сақтық шаралары және ИТП үшін сақтық шаралары балалар мен жасөспірімдер тобына де қолданылады.

### *Зертханалық сынақтарға араласу*

Элтромбопаг өте боялған және сондықтан кейбір зертханалық сынақтарға кедергі келтіруі мүмкін. Революйд қабылдаған пациенттерде сарысудың түссізденуі және билирубин мен креатининнің жалпы тестілеуіне араласуы туралы хабарланған. Егер зертханалық зерттеулер мен клиникалық бақылау нәтижелері сәйкес келмесе, басқа әдісті пайдалана отырып қайта тестілеу нәтиженің болмысын анықтауға көмектесе алады.

## **4.5 Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің өзге түрлері**

### Элтромбопагтың басқа дәрілік препараттарға әсері

*Гидроксиметилглутарил-кофермент А-редуктаза (ГМГ-КоА-редуктаза) тежегіштері*  
ОАТР1В1 10 мг бір реттік дозасымен және СБАРО субстратымен розувастатинмен 39 дені сау ересек еріктілерде тәулігіне бір рет 75 мг элтромбопагты қолдану плазмадағы розувастатин  $C_{\text{макс}}$  103 % (90% сенім аралығы [CA]: 82 %, 126 %) және қисық асты ауданы-ҚАА0 уақыты– 55 % (90% СА: 42 %, 69 %) ұлғайтты. Бұдан басқа, аторвастатинді, флувастатинді, ловастатинді, правастатинді және симвастатинді қоса алғанда, ГМГ-КоА-редуктазаның басқа тежегіштерімен өзара әрекеттесу болжанады. Элтромбопагпен қолданғанда статиндердің төменірек дозасын тағайындау және болжамды жағымсыз реакцияларға мұқият мониторинг жүргізу қажет (5.2 бөлімді қараңыз)

### *ОАТР1В1 және СБАРО субстраттары*

Элтромбопаг пен ОАТР1В1 (мысалы, Метотрексат) және СБАРО субстраттарының (мысалы, топотекан мен Метотрексат) ілеспе қолданылуы сақтықпен жүзеге асырылуы тиіс (5.2-бөлімді қараңыз).

### *P450 цитохромы үшін субстраттар*

Адам бауырының микросомаларын пайдаланатын зерттеулерде элтромбопаг (100 мкМ дейін) 1A2, 2A6, 2C19, 2D6, 2E1, 3A4/5 және 4A9/11 in vitro ферменттерінің тежегішін көрсетпеді және СYP2C8 және СYP2C9 тежегіші болды, бұл Паклитаксел мен диклофенак көмегімен маркерлік субстраттар ретінде өлшенді. 75 мг элтромбопагты 7 күн ішінде тәулігіне бір рет 24 сау еркектерде адамда 1A2 (кофеин), 2C19 (омепразол), 2C9 (флурбипрофен) немесе 3A4 (мидазолам) үшін маркерлік субстраттардың метаболизмін тежемеді және индуцирлемеді. Элтромбопагты және СYP450 субстраттарын бірге қолданған жағдайда клиникалық маңызды өзара іс-қимыл болжанбайды (5.2-бөлімді қараңыз).

### *ВСГ протеаза тежегіштері*

Егер элтромбопаг талапревирмен немесе боцепревирмен бір мезгілде қолданылса, дозаны түзету талап етілмейді. 200 мг элтромбопагтың бір реттік дозасын қосымша қолдану талапревир 750 мг бар әрбір 8 сағат сайын талапревирдің плазмадағы экспозициясын өзгертпейді. Әрбір 8 сағат сайын 800 мг боцепревири бар 200 мг элтромбопагтың бір реттік дозасын қолдану плазмадағы боцепревирдің ДК(0–°) өзгермеді, бірақ Макс. 20% - ға көбейтті және ауысымды 32% - ға төмендетті. Ауысудың төмендеуінің клиникалық маңыздылығы анықталған жоқ, ВГ супрессия қатысты жоғары клиникалық және зертханалық мониторинг ұсынылады.

### Элтромбопагқа басқа дәрілік препараттардың әсері

#### Циклоспорин

Элтромбопаг экспозициясының төмендеуі 200 мг және 600 мг циклоспоринді (СБАРО тежегішін) қатарлас қолдану кезінде байқалды. 200 мг циклоспоринді бірге қолданғанда элтромбопаг  $C_{\text{max}}$  және  $AUC_{\text{inf}}$ , тиісінше, 25% және 18% төмендеуі білінеді. 600 мг циклоспоринді бірге қолданғанда элтромбопаг  $C_{\text{max}}$  және  $AUC_{\text{inf}}$  төмендеуі, тиісінше, 39% және 24% төмендеуі білінеді. Емдеу кезінде элтромбопаг дозасын түзетуге пациенттің тромбоциттер саны негізінде рұқсат етіледі. (4.2 бөлімді қараңыз).

Элтромбопагты циклоспоринмен қатар қолданған жағдайда тромбоциттер санын кем дегенде 2-3 апта бойы әр апта сайын бақылау қажет. Тромбоциттер санын осылай есептеу негізінде элтромбопаг дозасын арттыру қажет болуы мүмкін.

#### *Поливалентті катиондар (хелаттар түзілуі)*

Элтромбопаг темір, кальций, магний, алюминий, селен және мырыштың поливалентті катиондарымен хелатты кешендер түзеді.

Құрамында поливалентті катиондар бар антацидтермен (1524 мг алюминий гидроксиді және 1425 мг магний карбонаты) бір реттік 75 мг элтромбопаг дозасын қолдану элтромбопагтың  $AUC_{0-\infty}$  плазмалық концентрациясын 70% (90% CI:64%, 76%) және  $C_{max}$  70% (90% CI:62%, 76%) төмендетеді. Антацидтер, сүт өнімдері және құрамында поливалентті катиондар бар басқа өнімдер сіңірілуі елеулі төмендеп кетпес үшін элтромбопаг қабылдауға дейін 4 сағат бұрын немесе одан кейін 4 сағаттан соң қолданылуы тиіс.

#### *Лопинавир/ритонавир*

Лопинавир/ритонавир (ЛПВ/РТВ) бар элтромбопагты ілеспе қолдану элтромбопаг концентрациясының төмендеуін тудыруы мүмкін. 40 сау еріктілердің қатысуымен жүргізілген зерттеу 100 мг элтромбопагтың бір реттік дозасын қайталап қолдану ЛПВ/РТВ 400/100 мг дозасымен тәулігіне екі рет ППК(0-) элтромбопагтың 17 % (90% ДИ: 6,6 %; 26,6%) төмендеуіне әкелді. Осылайша, ЛПВ/РТВ-мен элтромбопагты бірге қолданған жағдайда сақ болу керек. Лопинавир/ритонавирді қолдана отырып терапия бастамашылық еткен немесе тоқтаған кезде элтромбопаг дозасымен тиісті емді қамтамасыз ету үшін тромбоциттер санын мұқият бақылау қажет.

#### *CYP1A2 және CYP2C8 тежегіштері мен индукторлары*

Элтромбопаг CYP1A2 және CYP2C8, UGT1A1, UGT1A3 қоса, әртүрлі жолдармен метаболизденеді. Құрамында 1 энзим бар немесе индукциялайтын медициналық препараттардың элтромбопаг концентрациясына елеулі әсер етуі екіталай, ал құрамында көптеген энзимдер бар немесе оны индукциялайтын медициналық препараттар оны арттыруы (мысалы, флувоксамин) немесе төмендетуі (мысалы, рифампицин) мүмкін.

#### *СГВ протеаза тежегіштері*

800 мг Q8h боцепривирді немесе 750 мг Q8h телапревирді және элтромбопагтың 200 мг дара дозасын қайталап қолдану элтромбопаг плазмасының елеулі өзгерістерін туындатпайды.

#### *ИТП емдеуге арналған дәрілік препараттар*

Элтромбопагпен бірге ИТП емдеуге арналған дәрілік препараттар кортикостероидтар, даназол, және/немесе азатиоприн, венаішілік иммуноглобулин және резусқа қарсы иммуноглобулинді қамтыды. Элтромбопаг пен ИТП емдеуге арналған басқа препараттарды қолдану кезінде тромбоциттер деңгейін қадағалау қажет.

#### *Тағаммен өзара әрекеттесуі*

Кальций мөлшері жоғары тағаммен бірге элтромбопаг қабылдау (мысалы, құрамына сүт өнімдері кіретін тағам) плазмада элтромбопаг ҚАА0-∞ және  $C_{max}$  мәндерін едәуір төмендетті. Керісінше, кальций мөлшері жоғары ас ішуге дейін 2 сағат бұрын немесе 4 сағаттан соң элтромбопаг қабылдау немесе кальций мөлшері төмен [ $<50$  мг кальций] тағаммен бірге элтромбопаг қабылдау қан плазмасындағы элтромбопаг экспозициясын клиникалық мәнді дәрежеде өзгертпеді.

Элтромбопагтың таблеткалар түріндегі бір реттік (50 мг) дозасын өзінде сүт өнімдерін қамтыған құрамында май мөлшері көп әдеттегі жоғары калориялы таңғы аспен бірге қабылдау қан плазмасындағы ҚАА0-∞ орташа мәнінің 59% және орташа  $C_{max}$  65% төмендеуіне әкелді. Жемістер, майсыз шошқа еті, сиыр еті, байытылмаған (кальций, магний немесе темір қосылмаған) жеміс шырыны, байытылмаған соя сүті және байытылмаған жармаларды қоса, кальций мөлшері төмен тағам ( $<50$  мг кальций), тағамның калориялылығына және майлылығына қарамастан, қан плазмасындағы элтромбопаг экспозициясына елеулі ықпалын тигізбеді.

#### **4.6 Фертильділік, жүктілік және лактация**

##### **Жүктілік**

Жүкті әйелдерде элтромбопаг қолдану туралы ақпарат мүлде жоқ. Жануарлардағы зерттеулер репродуктивті жүйеге уытты әсерді көрсетті (5.3-бөлімді қараңыз). Адам үшін әлеуетті қауіп белгісіз.

Револейд препараты жүктілік кезінде ұсынылмайды.

##### *Бала туу жасындағы әйелдер / ерлер мен әйелдердегі контрацепция*

Револейд препаратын контрацепция дәрілерін пайдаланбайтын бала туу жасындағы әйелдерге қолдану ұсынылмайды.

##### **Бала емізу кезеңі**

Элтромбопагтың емшек сүтімен бөлінуі белгісіз. Жануарлардағы зерттеулер элтромбопаг сүтте бөлінуі мүмкін екендігін көрсетті (5.3-бөлімді қараңыз); осылайша, емшектегі балалар үшін қауіп-қатерді жоққа шығаруға болмайды. Бала емізуді жалғастыру немесе тоқтату шешімі сәби үшін емшек емізудің және әйел үшін револейд препаратымен емдеудің артықшылықтарын талдау негізінде қабылданады.

##### *Тұқым өрбіту функциясы*

Еркек және ұрғашы егеуқұйрықтардың адамдағы экспозициялармен салыстыруға болатын экспозициялар кезінде репродуктивті функцияға әсер етпеген. Дегенмен, адам үшін қауіп-қатерді болдырмауға болмайды (5.3-бөлімді қараңыз).

#### **4.7 Көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсері**

Элтромбопаг автокөлікті басқару немесе механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне елеусіз әсерін тигізеді.

Пациенттің ойлау шапшаңдығын, қозғалыстық және танымдық біліктерін талап ететін әрекеттерді орындау қабілетін бағалау кезінде пациенттің клиникалық жай-күйін және элтромбопаг препаратының қолайсыз құбылыстар бейінін (бас айналуын және зейін қоя алмауды қоса) ескеру керек.

#### **4.8 Жағымсыз реакциялар**

##### *Ересектер мен балалардағы иммундық тромбоцитопения*

Револейд препаратының қауіпсіздігі біріктірілген салыстырмалы жасырын плацебо-бақыланатын TRA100773A және B, TRA102537 (RAISE) және TRA113765 зерттеулер барысында бағаланды, онда 403 пациент Револейд қабылдаған, ал 179 - плацебо tra108057, TRA105325 (EXTEND) және TRA112940 жүргізілген ашық зерттеулер барысында алынған деректер қосымша бағаланды. Пациенттер зерттелетін препаратты 8 жыл бойы алды (EXTEND зерттеуінде). Гепатоуыттылық және тромбоздық / тромбоземболиялық құбылыстар ең маңызды жағымсыз реакциялар болып табылады. Пациенттердің кем дегенде 10% - да пайда болатын ең жиі байқалатын жағымсыз реакциялар: жүрек айнуы, диарея және аланинотрансфераза деңгейінің жоғарылауы болды.

Бұрын ИТП емін алған балалардағы (1 жастан 17 жасқа дейінгі) Револейд препаратының қауіпсіздігі екі зерттеулерде көрсетілді. PETIT2 (TRA115450) екі бөліктен тұратын салыстырмалы жасырын рандомизацияланған плацебо-бақыланатын зерттеу болды. Пациенттер 2:1 рандомизацияланған; олар 13 апта ішінде Револейд (N = 63) немесе плацебо (N = 29) препаратын алды. PETIT (TRA108062) 3 бөліктен тұратын когортты ашық салыстырмалы жасырын рандомизацияланған плацебо бақыланатын зерттеу болды. Пациенттер 2:1 рандомизацияланған; олар 7 апта ішінде Револейд (n = 44) немесе плацебо (n = 21) препаратын алды. Жағымсыз реакциялардың бейіні ересектерде байқалғандармен, төмендегі кестеде ♦ белгісімен қосымша жағымсыз реакциялармен салыстырылды.

1 және одан жоғары жастағы ИТП бар балаларда (плацебодан  $\geq 3\%$  және одан да көп) ең жиі жағымсыз реакциялар жоғары тыныс алу жолдарының инфекциясы, назофарингит, жөтел, қызба, іштің ауыруы, орофарингеалды ауыру, тіс ауыруы және ринорея болды.

*Ересек пациенттерде СГВ бар тромбоцитопения*

ENABLE 1 (TPL103922 n = 716) және ENABLE 2 (TPL108390 n = 805) тромбоцитопениясы бар және вирусқа қарсы терапияны бастау құқығы болған СГВ-инфекциясы бар пациенттерде Револейд препаратының тиімділігі мен қауіпсіздігін рандомизацияланған салыстырмалы жасырын плацебо-бақыланатын көпорталықтық зерттеулер болды. СГВ-инфекцияларының зерттеулерінде қауіпсіздікті бағалау үшін іріктеме ENABLE 1 салыстырмалы жасырын зерттеудің (Револейд препаратын n = 450 пациент, ал плацебо - n = 232 пациент алды) және ENABLE 2 (Револейд препаратын n = 506 пациент, ал плацебо - n = 253 пациент алды) барысында препаратты алған барлық рандомизацияланған пациенттерден тұрды. Пациенттер өздері алған емге сәйкес талданды (салыстырмалы жасырын зерттеу барысында қауіпсіздікті бағалау үшін жалпы таңдау: Револейд препаратын қабылдаған n = 955 пациент, ал плацебо - n = 484 пациентті құрады). Ең жиі анықталатын күрделі жағымсыз реакциялар гепатоуыттылық және тромботикалық/тромбоэмболиялық құбылыстар болып табылады. Пациенттердің кем дегенде 10%-да пайда болатын ең жиі жағымсыз құбылыстар: бас ауруы, анемия, тәбеттің төмендеуі, жөтел, жүрек айнуы, диарея, гипербилирубинемия, алопеция, қышыну, миалгия, қызба, шаршағыштық, тұмау тәрізді ауру, астения, қалтырау және шеткергі ісінулерді қоса.

Ересек пациенттерде ауыр апластикалық анемия

Ауыр апластикалық анемия кезінде элтромбопаг қауіпсіздігі салыстырмалы емес, ашық зерттеуде (N = 43) бағаланды, онда 11 пациент (26%) > 6 ай кезеңінде ем алды және 7 пациент (21%) > 1 жыл кезеңінде ем алды. Ең маңызды күрделі жағымсыз реакциялар фебрильді нейтропения және сепсис/инфекция болды. Пациенттердің кем дегенде 10%-да пайда болатын ең жиі білінетін жағымсыз реакциялар: бас ауруы, бас айналуы, жөтел, орофарингеальді ауру, жүрек айнуы, диарея, іштің ауыруы, трансаминаз деңгейінің артуы, артралгия, аяқ-қолдың ауыруы, шаршағыштық және қызбаны қоса.

*Жағымсыз әсерлердің тізбесі*

ИТП бар ересек пациенттердің қатысуымен жүргізілген зерттеулердегі жағымсыз реакциялар (N = 763), ИТП бар балалардағы зерттеулер (N = 171), СВГ зерттеулері (N = 1 520), ТАА зерттеулері (N = 43) және постмаркетингтік хабарламалар төменде MedDRA реттеу қызметінің медициналық сөздігі ағзалар жүйесінің класына сәйкес және пайда болу жиілігі бойынша көрсетілген.

Ағзалар жүйесінің әрбір класында дәрілерге жағымсыз реакциялар жиілігі бойынша сараланады және ең жиі реакциялар бірінші болып шығарылады.

ИТП және С гепатитінің зерттеулерінде ең көп күрделі жағымсыз әсерлері гепатоуыттылық және тромбоздық асқынулар болды.

Әрбір жағымсыз дәрілік реакция үшін тиісті жиілік санаты мынадай тәртіппен анықталған (CIOMS III): өте жиі ( $\geq 1/10$ ), жиі ( $\geq 1/100$ ,  $< 1/10$  дейін), жиі емес ( $\geq 1/1000$ ,  $< 1/100$  дейін), сирек ( $\geq 1/10\ 000$ ,  $< 1/1000$  дейін), өте сирек ( $< 1/10\ 000$ ), белгісіз (жиілігін қолда бар деректер бойынша анықтау мүмкін емес).

### ***ИТП-мен зерттелген топ***

<b>Ағзалар жүйесінің класы</b>	<b>Жиілігі</b>	<b>Жағымсыз реакция</b>
Инфекциялық және паразиттік аурулар	Өте жиі	Назофарингит♦, жоғарғы тыныс жолдарының инфекциялары♦

	Жиі	Фарингит, тұмау, ауыз қуысының герпесі, пневмония, синусит, тонзиллит, тыныс жолдарының инфекциялары, гингивит
	Жиі емес	Тері инфекциялары
Қатерсіз, қатерлі және анықталмаған жаңа түзілімдер (кисталар мен полиптерді қоса)	Жиі емес	Ішектің ректосигмоидты обыры
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	Жиі	Анемия, эозинофилия, лейкоцитоз, тромбоцитопения, гемоглобин деңгейінің төмендеуі, лейкоциттер деңгейінің төмендеуі
	Жиі емес	Анизоцитоз, гемолиздік анемия, миелоцитоз, таяқшалы-ядролы нейтрофилдер деңгейінің жоғарылауы, миелоциттер болуы, тромбоциттер деңгейінің жоғарылауы, гемоглобин деңгейінің жоғарылауы
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Қатты сезімталдық
Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар	Жиі	Гипокалиемия, тәбеттің төмендеуі, қанда несеп қышқылы деңгейінің жоғарылауы
	Жиі емес	Анорексия, подагра, гипокальциемия
Психика бұзылулары	Жиі	Ұйқының бұзылуы, депрессия
	Жиі емес	Апатия, көңіл-күйдің өзгеруі, жылауықтық
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Жиі	Парестезия, гипестезия, ұйқышылдық, бас сақинасы
	Жиі емес	Тремор, тепе-теңдік бұзылуы, сезімталдық бұзылысы, гемипарез, аурасы бар бас сақинасы, шеткері нейропатия, шеткері сенсорлы нейропатия, сөйлеу қабілетінің бұзылуы, уытты нейропатия, тамырлық бас айналуы
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар	Жиі	Көздің құрғауы, көрудің бұлыңғырлануы, көздің ауыруы, көру өткірлігінің төмендеуі
	Жиі емес	Көз бұршағының бұлыңғырлануы, астигматизм, кортикальді катаракта, көз жасының көп ағуы, торқабыққа қан құйылу, ретинальді пигментті эпителиопатия, көру қабілетінің бұзылуы, көру өткірлігін тексеру нәтижелерінің қалып шегуінен ауытқуы, блефарит, құрғақ кератоконъюнктивит
Есту мүшесі және тепе-теңдік тарапынан бұзылулар	Жиі	Құлақтың ауыруы, вертиго
	Жиі емес	Тахикардия, жедел миокард инфарктісі, жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары, цианоз, синустық тахикардия, электрокардиограммада QT аралығының ұзаруы
Жүрек тарапынан бұзылулар	Жиі	Терең веналар тромбозы, гематома, беттің және дененің жоғарғы жартысының ысынып кетуі

	Жиі емес	Эмболия, беткейлік веналар тромбофлебиті, гиперемия
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Жөтел♦
	Жиі	Орофарингеальді ауыру, ринорея♦
	Жиі емес	Өкпе артериясы эмболиясы, өкпе инфарктісі, мұрынның жайсыздануы, жұтқыншақтың ауыз бөлігінде сулы бөртпелер түзілуі, мұрын қойнауларының аурулары, ұйқы кезіндегі апноэ синдромы
Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Жүрек айну, диарея♦
